

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ОРАЛ
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БЕРУ
БӨЛІМІНІҢ
«№50 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ
БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №50» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА УРАЛЬСК УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
31.08.2022ж.
Орал қаласы

ПРИКАЗ
№46§1
город Уральск

**2022-2023 оқу жылына арналған
тамақтандыруды ұйымдастыру
туралы**

«Білім туралы» ҚР Заңын, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларының және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамызындағы №611 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 «Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Утегенова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Қайыркүл, әлеуметтік педагог З.Казмағамбетова, бас бухгалтер Т.Камалединов 2022 жылғы 1 қыркүйегінен бастап 1-11 сынып оқушыларына ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.

Әлеуметтік қорғалмаған санаттан шыққан оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша мемлекеттік қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз етсін.

2. 2022-2023 оқу жылының басынан ата-аналар қоғамы мен мектеп әкімшілігі қатарынан бракераждық комиссия құрсын, ол дайын және шикі өнімнің сапасын бақылайды, асханада санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын қадағалайды.

3. 2022-2023 оқу жылының басынан мектеп бойынша тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты болып директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.Утегенова тағайындалсын.

4. Медициналық қызметкер З.Габдушева мен тамақтандыруға жауапты тұлға оқушыларды тамақтандыру кестесін әзірлесін, бекітілген апталық мәзірі болсын, СанЕҚ талаптарына сәйкес бракераждық журналдарды, денсаулық журналдарын жүргізсін.

5. Мектептің шаруашылық меңгерушісі Л.Молданиязова мен медициналық қызметкер З.Габдушева ас блогындағы жабдықтың тізімін жасасын, санитарлық нормаларды қатаң сақтасын, жыл бойы мектеп бойынша су ішу режимін сақтасын, қажет кезде емдәмдік үстелді ұйымдастырсын.

6. Әлеуметтік педагог З.Казмагамбетова мектеп сайтында мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша ақпаратты, мәзірді, бракераждық комиссия құрамын және т.б. жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Әкімшілік пен педагогтардың асханадағы кезекшілік кестесін бекітсін.

8. Асхана меңгерушісінде сәйкес құжаттар мен тәуліктік сынамалар болуы тиіс, ас блогы мен ас ішу залында санитариялық нормаларды қатаң сақтасын.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры  М.Жумагазиева

Бұйрықпен таныстым:

З.Утегенова 

Б.Қайыркүл 

Т.Камалединов 

З.Казмагамбетова 

З.Габдушева 

Л.Молданиязова 